

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2021 ж. «06» қазан
№ N043502 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (ҚОСЫМША ПАРАҚ)

▼ Дәрілік препаратқа қосымша мониторинг жүргізіледі, ол қауіпсіздігі жөніндегі жаңа мәліметтерді жылдам анықтауға ықпал етеді. Бұл қауіпсіздігі жөніндегі жаңа ақпаратты қысқа мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерінен кез келген күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлап отыруын өтінеміз.

Саудалық атауы

Адалира

Халықаралық патенттелмеген атауы

Адалимумаб

Дәрілік түрі, дозалануы

Тері астына енгізуге арналған ерітінді, 40 мг/0.8 мл

Фармакотерапиялық тобы

Антинеопластикалық және иммуномодуляциялайтын препараттар. Иммуно-супрессанттар. Ісік некрозы факторы - альфа тежегіштері. Адалимумаб
АТХ коды L04AB04

Қолданылуы

Ревматоидтық артритте

Адалира препараты метотрексатпен біріктірілімде:

- метотрексатты қоса, аурудың ағымын модификациялайтын, ревматизмге қарсы препараттарға тиісінше жауап болмаған ересек пациенттерде белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі ревматоидтық артритті емдеуде.
- - осының алдында метотрексатпен ем қабылдамаған ересектерде белсенді және үдемелі ревматоидтық артриттің ауыр түрін емдеуде.

Адалира

Метотрексат жақпайтын немесе метотрексатпен емдеуді жалғастыру талапқа сай болмайтын жағдайда, Адалира препаратын монотерапия ретінде тағайындауға болады. Адалимуаб буындардың зақымдануының үдеуі жиілігін төмендететіні, ол рентгенография арқылы расталғандығы, және метотрексатпен біріктіріп қолданғанда функционалдық статустың жақсарғандығы көрсетілген.

Ювенильді ревматоидтық артритте

Полиартикулярлық ювенильді идиопатиялық артритте

Адалира препараты метотрексатпен біріктірілімде, 2 жастан асқан, аурудың ағымын модификациялайтын бір немесе бірнеше препаратқа жауабы талапқа сай болмаған пациенттердегі белсенді полиартикулярлық ювенильді идиопатиялық артритті емдеу үшін қолданылады. Метотрексат жақпайтын немесе метотрексатпен емдеуді жалғастыру талапқа сай болмайтын жағдайда, Адалира препаратын монотерапия ретінде тағайындауға болады. Адалимуабтың 2 жасқа толмаған балаларда қолданылуы зерттелмеген.

Энтезитпен астасқан артритте

Адалира препараты 6 жастан бастап және одан үлкен, дәстүрлі емге тиісінше жауап болмаған немесе оның жақпаушылығы анықталған пациенттердегі энтезитпен астасқан белсенді артритті емдеу үшін қолданылады.

Аксиальді спондилоартритте

Шорбуынданатын спондилитте (ШС)

Адалира препараты ауыр, белсенді шорбуынданатын спондилиті бар, дәстүрлі емге тиісінше жауап болмаған ересектерді емдеу үшін қолданылады.

ШС рентгенографиялық расталуынсыз аксиальді спондилоартритте

Адалира препараты ШС рентгенографиялық расталуынсыз ауыр аксиальді спондилоартриті бар, бірақ СРА деңгейінің жоғарылауы және (немесе) МРТ деректері бойынша қабынудың объективтік белгілері болған, қабынуға қарсы стероидты емес препараттармен емдеуге жауабы талапқа сай болмаған немесе олар тиімсіз болған жағдайдағы ересектерді емдеу үшін қолданылады.

Псориаздық артритте

Адалира препараты ересектерде, аурудың ағымын модификациялайтын, ревматизмге қарсы препараттарға реакция жеткіліксіз болған кезде белсенді және үдемелі псориаздық артритті емдеу үшін қолданылады. Адалимуабтың шеткері буындардың рентгенографиялық жолмен өлшенетін зақымдануларының үдеу жылдамдығын төмендететіні, аурудың симметриялы полиартикулярлық түрі бар пациенттерде, және функционалдық жай-күйін жақсартатыны көрсетілген.

Ересектердегі түйіндақты псориазда

Адалира препараты, жүйелі емдеу көрсетілген ересек пациенттерде орташа және ауыр, созылмалы түйіндақты псориазды, тырнақтардың псориазын емдеу үшін қолданылады.

Балалардағы түйіндақты псориазда

Адалира препараты 4 жастан асқан балалар мен жасөспірімдерде жергілікті емге немесе фототерапияға жауап талапқа сай болмаған кезде, сондай-ақ, жергілікті ем мен фототерапия қарсы көрсетілімді болған пациенттерде ауыр, созылмалы түйіндақты псориазды емдеу үшін қолданылады.

Ірінді гидраденитте

Адалира препараты ірінді гидрадениттің дәстүрлі жүйелі еміне жауабы қанағаттанарлықсыз болған, 12 жастан асқан жасөспірімдер мен ересектерде ауырлығы орташа және ауыр дәрежелі белсенді ірінді гидраденитті (acne inversa) емдеу үшін қолданылады.

Ересектердегі Крон ауруында

Адалира препараты ересек пациенттерде кортикостероидтармен және/немесе иммунодепрессивтік препараттармен дәстүрлі емге жауап талапқа сай болмаған, сондай-ақ, дәстүрлі ем жақпаған немесе қарсы көрсетілімді болған жағдайларда, белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі Крон ауруын емдеу үшін қолданылады.

Балалардағы Крон ауруында

Адалира препараты 6 жастан бастап және одан үлкен балаларда толық энтеральді тамақтандыру мен кортикостероидтарды және/немесе иммуномодуляторларды қоса, дәстүрлі емге жауап талапқа сай болмаған, сондай-ақ, дәстүрлі ем жақпаған немесе қарсы көрсетілімді болған жағдайларда, белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі Крон ауруын емдеу үшін қолданылады.

Ересектердегі ойық жаралы колитте

Адалира препараты кортикостероидтермен және/немесе 6-меркаптопуринмен немесе азатиопринмен емдеуді қоса, дәстүрлі емге клиникалық жауап болмаған, немесе жақпаушылық құбылыстары болған, немесе қарсы көрсетілімді болған ересек пациенттерде белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі ойық жаралы колитті емдеу үшін қолданылады.

Балалардағы ойық жаралы колитте

Адалира препараты, кортикостероидтермен және/немесе 6-меркаптопуринмен немесе азатиопринмен емдеуді қоса, дәстүрлі емге клиникалық жауап болмаған, немесе жақпаушылық құбылыстары болған, немесе қарсы көрсетілімді болған, 6 жастан асқан балаларда белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі ойық жаралы колитті емдеу үшін қолданылады.

Ересектердегі увеитте

Адалира препараты ересектерде кортикостероидтармен емге жауап талапқа сай болмаған кезде, кортикостероидтардың дозасын шектеу немесе тоқтату қажет болған, сондай-ақ, кортикостероидтармен емдеу қарсы көрсетілімді болған жағдайларда инфекциялық емес увеитті (аралықтық, артқы және пануеит) емдеу үшін қолданылады.

Адалира

Балалардағы увеитте

Адалира препараты 2 жастан асқан, дәстүрлі емге жауап талапқа сай болмаған немесе жақпаушылық болған, немесе дәстүрлі ем жарамсыз болған балалардағы созылмалы инфекциялық емес алдыңғы увеитті емдеу үшін қолданылады.

Бехчет ауруында

Адалира препараты пациенттерде стандартты емге талапқа сай жауап болмаған кезде Бехчет ауруын (интестинальді түрін) емдеу үшін қолданылады.

Қолданудың басталуына дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- Адалимумабқа немесе препараттың құрамына кіретін кез келген қосымша затқа жоғары сезімталдық.
- Белсенді туберкулез немесе сепсис және оппортунистік инфекциялар сияқты басқа ауыр инфекциялар.
- Жүректің орташа немесе ауыр дәрежелі (НУНА жіктемесі бойынша III/IV функционалдық класы) жеткіліксіздігі.

Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары

Адалира препаратын келесі жағдайларда сақтықпен қолдану қажет:

- анамнездегі қайталанатын инфекциялар;
- В гепатиті вирусын тасымалдаушылық;
- қатерлі, соның ішінде, анамнездегі жаңа түзілімдер;
- жүректің жеңіл дәрежелі жеткіліксіздігі (НУНА жіктемесі бойынша I/II функционалдық класы);
- жүйке жүйесінің миелинсіздендіретін аурулары, соның ішінде анамнездегісі;
- 65 жастан асқан пациенттер.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Егер пациент қандай-да бір басқа дәрілерді қабылдап жүрсе, жақын арада қабылдаған болса немесе қабылдауды жоспарлап жүрсе, онда бұл туралы дәрігерге айтуы қажет.

Адалира препаратын метотрексатпен немесе аурудың ағымын модификациялайтын, ревматизмге қарсы кейбір препараттармен (сульфасалазин, гидроксихлорохин, лефлуноמיד және инъекцияға арналған алтын препараттары), кортикостероидтармен немесе қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды қоса анальгетиктермен) бірге қабылдауға болады.

Адалира препаратты анакинрамен және абатацептпен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Арнайы ескертулер

Инфекциялар

ИФ антагонистерін қабылдап жүрген пациенттер, ауыр инфекцияларға бейімрек. Өкпе функциясының бұзылуы инфекциялардың даму қаупін арттыруы мүмкін. Пациенттерді Адалира препаратымен емдеуге дейін, емдеу кезінде және емдеуден соң, инфекциялардың (туберкулезді қоса) даму қаупін ескере отырып мұқият қадағалау керек. Адалимуабтың элиминациясы төрт айға дейін созылуы мүмкін болғандықтан, пациентті мониторингілеуді аталған мерзім бойына түгел жалғастыру керек.

Созылмалы немесе ошақтық инфекцияларды қамтитын белсенді инфекциялық аурулары бар пациенттерде, инфекция басылғанға дейін Адалира препаратты қолдануды бастамау керек. Туберкулезге шалдыққан науқаспен қарым-қатынаста болған немесе туберкулезге шалдығу деңгейі жоғары немесе микоз бойынша (гистоплазмоз, кокцидиоидомикоз немесе бластомикоз) эндемиялық аймақтарға барған пациенттерде Адалира препаратымен емдеудің пайдасы мен қаупі емдеу басталғанға дейін бағалануы тиіс.

Адалира препаратымен емделу кезінде жаңа инфекциялық ауру дамыған пациенттер, мұқият қадағалауда болуы және толық көлемдегі диагностикалық тексерулерден өтуі тиіс. Пациентте ауыр инфекция немесе сепсис дамыған жағдайда Адалира препаратымен емдеуді тоқтату керек, және инфекция бақылауға алынғанға дейін сәйкесінше микробқа қарсы немесе зенге қарсы емді бастау керек.

Адалира препараты анамнезінде қайталанатын инфекциялар болған пациенттерге және иммуносупрессивтік препараттармен қатарлас емдеуді қоса, инфекциялардың дамуына бейім жағдайлар болғанда сақтықпен тағайындау керек.

Ауыр инфекциялар

Сепсисті қоса ауыр инфекциялар: адалимуабты қолданған пациенттерде бактериялық, микобактериялық, инвазивтік зендік, вирустық, паразиттік немесе басқа оппортунистік инфекциялар, мысалы, листериоз, легионеллез және пневмоцистік инфекция байқалған. Басқа ауыр инфекциялар: пневмония, пиелонефрит, сепсистік артрит және септицемия да байқалған. Инфекциялар дамыған пациенттердің ауруханаға жатқызылғаны (соның ішінде, өлімге соқтырғаны) туралы хабарламалар болды.

Туберкулез

Адалимуабты қабылдаған пациенттерде туберкулез инфекциясының реактивациясы және жаңасы дамыған жағдайлар туралы хабарланды. Хабарламалар туберкулездің өкпедегі және өкпеден тыс түрі (яғни, диссеминацияланған) жағдайларын қамтыды.

Адалира препаратымен емдеуді бастар алдында пациенттердің барлығы белсенді және белсенді емес («жасырын») туберкулезге қатысты мұқият тексерілуі тиіс.

Адалира

Тексеру туберкулезі бар пациенттің анамнезін егжей-тегжейлі бағалауды және белсенді туберкулезге шалдыққан адамдармен, науқастармен ықтимал қарым-қатынастар, және бұрын жүргізілген немесе қатарлас иммуносупрессивтік ем туралы мәліметтерді, сондай-ақ, қажетті скринингтік тексерулерді (кеуде қуысы ағзаларының рентгенографиясын және терінің туберкулиндік сыналасын) қамтуы тиіс.

Жүргізілген тексеру нәтижелерін пациенттің медициналық картасына жазып қою ұсынылады. Әсіресе, науқасы ауыр пациенттерде немесе иммунитеті әлсіреген пациенттерде терінің туберкулиндік сыналасының жалған теріс нәтижелердің алынуы қаупін ескеру керек.

Егер белсенді туберкулез диагнозы анықталса, Адалира препаратымен емдеуді бастауға болмайды (Қолдануға болмайтын жағдайларды қараңыз).

Жасырын туберкулезге күдік болған жағдайда, фтизиатрмен кеңесу және туберкулезге қарсы емнің қауіпсіздігін бағалау қажет.

Жасырын туберкулез жағдайында, Адалира препаратымен емдеуді бастар алдында спецификалық профилактикалық ем жүргізу керек. Туберкулез инфекциясы дамуының қауіп факторлары бар, бірақ, жасырын туберкулезді тестілеудің теріс нәтижесі алынған пациенттерде және анамнезінде жасырын немесе белсенді туберкулез болған, және сәйкесінше емді растау мүмкін емес пациенттерде Адалира препаратымен емдеуді бастар алдында туберкулезге қарсы ем қолдану қажеттілігін саралау керек.

Туберкулездің профилактикалық еміне қарамастан, адалимумабпен ем қабылдаған пациенттерде реактивациясы жағдайлары туындаған. Кейбір пациенттерде белсенді туберкулезді сәтті емдеуден кейін, адалимумабпен емдеу кезінде туберкулез дамыған.

Пациенттердің барлығына Адалира препаратымен емдеу кезінде немесе емдеуден кейін туберкулезді білдіретін белгілер/симптомдар (мысалы, тұрақты жөтел, дене салмағының азаюы, субфебрильді температура, апатия) пайда болған жағдайда, дәрігердің кеңесі қажеттілігі туралы ескертілуі тиіс.

Басқа оппортунистік инфекциялар

Адалимумабты қабылдаған пациенттерде зеңдік инфекцияларды қоса, оппортунистік инфекциялар байқалды. Ондай инфекциялардың диагнозы ИФ антагонистерін қабылдап жүрген пациенттерде әрдайым дер кезінде анықтала бермеген, ол тиісінше емнің тағайындалуының кідіруіне және өлім жағдайларына алып келген.

Қызба, дімкәстану, салмақ жоғалту, тершендік, жөтел, еңтігу және/немесе өкпедегі инфильтраттар сияқты симптомдары немесе шокпен немесе онсыз жүретін ауыр жүйелі аурудың басқа белгілері бар пациенттерде, инвазивтік зең инфекциясының дамығандығына болжам жасау және инфекция симптомы жойылғанға дейін Адалира препаратымен емдеуді тоқтату керек. Ондай пациенттерді тез арада тексеруден өткізу, және алдымен зең инфекцияларын

емдеуде тәжірибесі бар дәрігермен кеңескеннен кейін, зейге қарсы эмпирикалық ем тағайындау керек.

В гепатитінің реактивациясы

ИНФ блокаторларын қолдану В гепатиті вирусының (ВГВ) созылмалы тасымалдаушылары болып табылатын пациенттерде аталған вирустың реактивациясы қауіпмен байланыстырылады. Кей жағдайларда ИНФ блокаторларын қабылдаумен байланысты туындайтын ВГВ реактивациясы, өлімге соқтырған. Адалира препаратымен емдеуді бастар алдында пациенттер ВГВ инфекциясын диагностикалаудан өтуі тиіс. ВГВ тасымалдаушыларға Адалира препараты сақтықпен тағайындау керек.

Адалира препаратымен емдеуді қажет ететін ВГВ тасымалдаушылар, емделу кезінде немесе емдеу аяқталғаннан кейін бірнеше айдан соң белсенді ВГВ инфекциясының белгілерін анықтау үшін мұқият тексерілуі тиіс.

ВГВ реактивациясының алдын алу үшін ВГВ тасымалдаушыларды ИНФ блокаторларымен біріктіріп вирусқа қарсы препараттармен емдеудің қауіпсіздігі немесе тиімділігі туралы нақты деректер жоқ. ВГВ реактивациясы дамыған пациенттерде, Адалира препаратты қолдануды тоқтата тұру және сәйкесінше демеуші емімен вирусқа қарсы тиімді емді бастау керек.

Неврологиялық асқынулар

Адалимумабты қоса ИНФ антагонистерін қолдану, жайылған склероз бен көру жүйкесінің невритін қоса, ОЖЖ миелинсіздендіретін ауруларының, сондай-ақ, Гийен-Барре синдромын қоса, шеткері миелинсіздендіретін аурудың туындауының немесе клиникалық көріністерінің және/немесе рентгенологиялық белгілерінің нашарлауының сирек жағдайларымен байланысты. Адалира препараты орталық және шеткері жүйке жүйесінің ағымдағы немесе анамнездегі миелинсіздендіретін аурулары бар пациенттерге сақтықпен тағайындау керек. Жоғарыда сипатталған құбылыстар дамыған жағдайда, Адалира препараты тоқтату мүмкіндігін қарастыру керек.

Аралықтық увеит пен ОЖЖ миелинсіздендіретін бұзылуы арасында байланыс бары белгілі. ОЖЖ бұрыннан бар немесе дамып келе жатқан миелинсіздендіретін бұзылуларын бағалау үшін, инфекциялық емес аралықтық увеиті бар пациенттерге Адалира препаратымен емдеу басталғанға дейін және емдеу кезінде жүйелі түрде неврологиялық тексеру жүргізу керек.

Аллергиялық реакциялар

Адалимумабпен байланысты ауыр аллергиялық реакциялар клиникалық сынақтар кезінде сирек байқалған. Адалимумабпен байланысты ауыр емес аллергиялық реакциялар клиникалық сынақтар кезінде байқалмады. Адалимумабты енгізгеннен кейін анафилаксияны қоса, ауыр аллергиялық реакциялар туралы деректер бар. Анафилаксиялық реакция немесе басқа ауыр аллергиялық реакция туындаған жағдайда, Адалира препаратты қолдануды дереу тоқтату және сәйкесінше емін бастау керек.

Адалира

Имуносупрессия

Ревматоидтық артриті бар 64 пациентте адалимумабты зерттеуде баяу типті аса жоғары сезімталдықтың төмендеуінің, иммуноглобулиндер деңгейінің төмендеуінің немесе эффекторлық Т-, В-, НК-жасушалар, моноциттер/макрофагтар мен нейтрофилдер санының өзгеруінің дәлелдері анықталмады.

Қатерлі жаңа түзілімдер және лимфопролиферациялық аурулар

ИНФ антагонистерін зерттеуде бақылау тобындағы пациенттер арасындағыға қарағанда, ИНФ антагонистерін қабылдаған пациенттер арасындағы лимфоманы қоса, қатерлі жаңа түзілімдер жағдайлары көбірек тіркелді. Алайда, бұл сирек болды. Маркетингтен кейінгі кезеңде ИНФ антагонистерін қабылдаған пациенттерде лейкомия жағдайлары тіркелді. Бұдан өзге, бұрыннан белсенділігі жоғары ревматоидтық артриті бар пациенттерде лимфома мен лейкоздың туындау қаупі жоғарылай түседі, бұл қауіпті бағалауды қиындата түседі. Алайда, ИНФ антагонистерімен емделіп жүрген пациенттерде лимфомалардың, лейкомиялардың немесе басқа қатерлі жаңа түзілімдердің даму қаупінің ықтималдылығын жоққа шығаруға болмайды.

Адалимумабты қоса, ИНФ қабылдаған балалар, жасөспірімдер (емделуді ≤ 18 жас шамасында бастаған) мен жастар (22 жасқа дейінгі) арасында қатерлі, соның ішінде өлімге соқтырған жаңа түзілімдер дамыған жағдайлар туралы хабарланды. Аталған жағдайлардың шамамен жартысы – лимфомалар. Басқа жағдайлары қатерлі жаңа түзілімдердің алуан түрлері болды, олардың арасында, әдетте иммуносупрессиямен байланысты қатерлі жаңа түзілімдердің сирек жағдайлары туралы хабарланды. ИНФ антагонистерін қабылдап жүрген балалар мен жасөспірімдерде қатерлі жаңа түзілімдердің даму қаупінің ықтималдылығын жоққа шығаруға болмайды.

Маркетингтен кейінгі кезеңде адалимумабты қолданған пациенттерде өте сирек жағдайда, гепатолиенальді Т-жасушалық лимфома дамыған жағдайлар туралы хабарланды. Бұл Т-жасушалық лимфоманың ағымы өте зиянды және әдетте өлімге соқтыратын сирек типі. Жастарда ішектің қабыну ауруларын емдеу үшін азатиопринмен немесе 6-меркаптопуринмен қатарлас емдеу аясында адалимумабтан туындаған гепатолиенальді Т-жасушалық лимфоманың кейбір жағдайлары байқалған. Азатиопринді немесе 6-меркаптопуринді Адалира препаратымен бір мезгілде қолданудың ықтимал қаупі мұқият бағалануы тиіс. Адалира препараты қабылдап жүрген пациенттерде гепатолиенальді Т-жасушалық лимфома дамуы қаупінің ықтималдылығын жоққа шығаруға болмайды. Анамнезінде қатерлі жаңа түзілімдер болған немесе қатерлі ісік түзілгеннен кейін адалимумабпен емдеу жалғастырылған пациенттерді қамтыған зерттеулер жүргізілмеді. Сол себепті, аталған пациенттерде Адалира препаратты қолданғанда қосымша сақтық таныту керек.

Пациенттердің барлығында, анамнездегі әсіресе, қарқынды иммуносупрессивтік ем жағдайында, немесе псориазы бар, PUVA-терапия жүргізілген паци-

енттерде, Адалира препаратты қолданғанға дейін және қолдану кезінде терінің меланомалық емес обырының бар-жоқтығын анықтау керек. Адалимумабты қоса, ИНФ антагонистерін қабылдаған пациенттерде меланома мен Меркель жасушаларының карциномасы туындаған жағдайлар туралы деректер бар.

ИНФ басқа антагонисі инфликсимабтың қолданылуын зерттеу кезінде өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы (ӨСОА) бар пациенттерде қатерлі жаңа түзілімдердің (негізінен өкпеде, бас немесе мойында) туындауы бақылау тобындағыға қарағанда, инфликсимабты қабылдаған пациенттер арасында жиірек байқалды. Анамнез деректері бойынша, пациенттердің барлығы кәнігі шылымқорлар болған. Демек, ӨСОА бар пациенттерде, сондай-ақ, шылымды көп шегетіндігіне байланысты қатерлі жаңа түзілімдердің қаупі жоғары пациенттерде кез келген ИНФ антагонисін қолданғанда сақтық таныту керек.

Қазіргі сәтте, адалимумабты қолдану дисплазияның немесе ішек обырының даму қаупіне ықпал ететін-етпейтіндігі белгісіз. Ойық жаралы колиті бар, дисплазияның немесе ішек обырының даму қаупі жоғары топқа жататын пациенттердің барлығы (мысалы, ұзаққа созылған ойық жаралы колиті немесе бастапқы склероздайтын холангиті бар пациенттер), немесе анамнезінде дисплазиясы немесе ішек обыры болған пациенттер емделуді бастар алдында және барлық ауру кезеңі бойына дисплазияның бар-жоқтығына қатысты жүйелі түрде тексеруден өтіп тұруы тиіс. Тексеру колоноскопия мен биопсияны қамтуы тиіс.

Гематологиялық асқынулар

ИНФ блокаторларын қолданғанда аплазиялық анемияны қоса, панцитопения дамыған сирек жағдайлар туралы хабарланды. Адалимумабпен емдеу кезінде ара-арасында қан жүйесі тарапынан, елеулі цитопенияны (соның ішінде тромбоцитопенияны, лейкопенияны) қамтыған жағымсыз әсерлер туралы хабарланды. Пациенттердің барлығына, егер оларда Адалира препаратымен емдеу кезінде қан жүйесі тарапынан бұзылуларды (мысалы, персистирленетін қызба, гематомалар, қан кету, бозару) көрсететін белгілер мен симптомдар дамыса, дереу дәрігерге жүгінуге кеңес беру керек. Елеулі гематологиялық бұзылулары расталған пациенттерде Адалира препаратымен емдеуді тоқтату мәселесін қарастыру керек.

Вакцинация

Адалимумабты қабылдаған пациенттерде тірі вакциналармен инфекцияның салдарлы берілісіне қатысты деректер жоқ.

Балалар жасындағы пациенттерге мүмкіндігінше, Адалира препаратымен емделуді бастағанға дейін иммунизациялаудың ағымдағы кестесіне сәйкес вакцинациялаудан өту ұсынылады.

Адалира препараты қабылдап жүрген пациенттерді тірі вакциналардан басқа, қажетті вакциналармен вакцинациялауға болады.

Анасының құрсағында жатқанда адалимумабтың әсеріне ұшыраған сәбилер-

Адалира

ге, анасына жүктілік кезінде жасалған адалимумабтың соңғы инъекциясынан кейін 5 ай бойы тірі вакциналарды (мысалы, БЦЖ вакцинасын) енгізу ұсынылмайды.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі

ИФ басқа антагонистерімен зерттеулерде жүректің созылмалы жеткіліксіздігі ағымының нашарлағаны және жүректің созылмалы жеткіліксіздігіне байланысты өлім көрсеткішінің артқаны байқалды. Сонымен қатар, пациенттерде адалимумабпен емдеу аясында жүректің созылмалы жеткіліксіздігі үдеген жағдайлар туралы хабарланды. Адалира препараты жүректің жеңіл дәрежелі жеткіліксіздігі (НУНА жіктемесі бойынша I/II функционалдық класы) бар пациенттерге сақтықпен қолдану керек. Жүректің созылмалы жеткіліксіздігінің жаңа симптомдары пайда болған немесе бұрыннан барлары нашарлаған жағдайда, Адалира препаратымен емдеуді тоқтату керек.

Аутоиммундық үдерістер

Адалимумабпен емдеу аутоантиденелердің түзілуіне алып келуі мүмкін. Аутоиммундық аурулардың дамуына адалимумабты ұзақ қолданудың ықпалы зерттелмеді.

Егер пациентте Адалира препаратымен емдеудің нәтижесінде жегі тәрізді синдромды білдіруі мүмкін симптомдар дамыса, препаратты қолдануды тоқтату керек.

Аурудың ағымын модификациялайтын, ревматизмге қарсы биологиялық препараттармен немесе ИФ антагонистерімен бір мезгілде қолдану

Клиникалық зерттеулерде анакинра мен ИФ басқа антагонисі, этанерцептті бір мезгілде қолданғанда, этанерцептпен монотерапиямен салыстырғанда, клиникалық әсерінің артуынсыз ауыр инфекциялар байқалды. Этанерцепт пен анакинраны біріктірген кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың шығу тегіне байланысты, анакинраны ИФ басқа тежегіштерімен бір мезгілде қолданғанда ұқсас уытты әсерлердің туындайтындығын болжауға болады. Сондықтан, Адалира препараты пен анакинраны біріктіру ұсынылмайды.

Ауыр инфекцияларды және болуы мүмкін басқа фармакологиялық өзара әрекеттесулерді қоса, инфекциялар қаупінің жоғарылауы мүмкіндігіне байланысты, Адалира препараты аурудың ағымын модификациялайтын, ревматизмге қарсы басқа биологиялық препараттармен (мысалы, анакинрамен және абатацептпен) немесе ИФ басқа антагонистерімен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Операциялар

Адалимумабты қабылдаған пациенттердегі хирургиялық емшаралардың қауіпсіздігіне қатысты деректер шектеулі. Хирургиялық емшараны жоспарлағанда адалимумабтың жартылай шығарылу кезеңінің ұзақтығын ескеру керек. Адалира препаратымен емделу кезінде хирургиялық араласым қажет болған пациенттер, инфекция белгілеріне қатысты мұқият қадағалауда болуы

тиіс. Адалимумабты қолдану кезіндегі артропластиканың қауіпсіздігіне қатысты тәжірибе шектеулі.

Аш ішектің бітелуі

Крон ауруын емдеуге клиникалық жауаптың болмауы анықталған фиброздық стриктураның бар екендігін білдіруі мүмкін, оны емдеу үшін хирургиялық араласым қажет болуы мүмкін. Қолда бар деректер, адалимумаб жағдайды нашарлатпайды немесе стриктура түзілуін тудырмайды деген болжам жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Егде жастағы пациенттер

Ауыр инфекциялардың жиілігі, 65 жасқа толмаған адамдар арасындағыға (1,5%) қарағанда, 65 жастан асқан, адалимумабты қабылдаған пациенттер арасында жоғары (3,7%) болды. Олардың кейбіреулері өліммен аяқталған. Егде жастағы адамдарды емдегенде инфекция жұқтыру қаупіне ерекше көңіл бөлу керек. Инфекциялық аурулардың туындау ықтималдылығының жоғарылығына байланысты, егде жастағы адамдарда Адалира препараты сақтықпен тағайындау керек.

Педиатрияда қолданылуы

Жоғарыдан «Вакцинацияны» қараңыз.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Бала туатын жастағы әйелдер жүктіліктің алдын алу үшін контрацепцияның талапқа сай әдістерін пайдалануы және оларды қабылдауды Адалира препараты енгізгеннен кейін кемінде 5 ай бойы жалғастыруы қажет.

Ревматоидтық артриті немесе Крон ауруы бар, адалимумабты жүктілігінің кемінде бірінші триместрі бойына қабылдаған жүкті әйелдер қатысқан проспективтік когорталық зерттеу аясында, дәл осындай аурулары бар, адалимумабпен емделмеген жүкті пациент әйелдермен салыстырғанда, жүктіліктің қолайсыз нәтижелерінің (туа біткен даму ақауларының, өздігінен басталған аборттар, мерзімінен бұрын босану, ауыр оппортунистік инфекциялар және жаңа туған нәрестелердің дене салмағының төмендігі) даму қаупі жоғарылағаны анықталмады. Өлі туу немесе қатерлі жаңа түзілімдер жағдайлары тіркелмеді.

Жануарлардағы зерттеулерден адалимумабтың эмбрио- және фетоуытты әсерлері анықталмады.

Адалира препараты жүктілік кезінде тек, егер ана үшін пайдасы шарана үшін қауіптен асып түсетін болса ғана қолдануға болады.

Плацентарлық бөгет арқылы шарана қанының сарысуына өтуі мен ИНФ-альфа тежелуінің нәтижесінде, адалимумаб жаңа туған нәрестелердегі иммундық жауапқа ықпалын тигізуі және инфекцияның даму қаупін арттыруы мүмкін. Құрсақта жатқанда адалимумабтың әсеріне ұшыраған сәбилерге, анасында жүктілік кезіндегі адалимумабтың соңғы инъекциясынан кейін 5 ай бойы тірі вакциналарды енгізу ұсынылмайды.

Адалира

Жарияланған шектеулі деректер, адалимумабтың емшек сүтіне өте төмен концентрацияларда экскрецияланатынын (адалимумаб ана сүтінде, анасының сарысуындағы деңгейінің 0.1-ден 1 %-ына дейінгі концентрацияларда болғанда) көрсетіп отыр. Пероральді қабылданған иммуноглобулин G ақуыздары ішекте протеолизге ұшырайтынлығын және биожетімділігі нашар болатындығын ескерсек, емшек еметін балада адалимумабпен байланысты жүйелі әсерлердің ықтималдылығы аз. Адалира препараты тек, анасы үшін болжамды пайдасы бала үшін ықтимал қауіптен асып түсетін жағдайда ғана қолдану керек.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Адалира препараты көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне болар-болмас әсер етуі мүмкін. Адалира препаратты қолдану вертиго немесе көру өткірлігінің бұзылуы туындауына түрткі болуы мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалану режимі

Ревматоидтық артрит

Ревматоидтық артриті бар ересек пациенттер үшін Адалира препаратыны ұсынылатын дозасы тері асына екі аптада бір рет 40 мг құрайды. Адалира препаратымен емдеу кезінде метотрексатты қабылдауды жалғастыра беру керек. Глюкокортикоидтарды, салицилаттарды, қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды қабылдауды жалғастыра беруге болады. Адалира препаратты ауруды модификациялайтын, ревматизмге қарсы препараттармен (метотрексаттан басқа) қолдануға қатысты, «Арнайы ескертулер» бөліміндегі ақпаратты қараңыз. Адалира препаратымен монотерапия кезінде ұсынылған дозадағы Адалира препаратты жауаптың төмендегені байқалған кейбір пациенттерде, препаратты енгізу жиілігін аптасына бір рет 40 мг дейін немесе екі аптада бір рет 80 мг дейін арттырған дұрыс болуы мүмкін.

Мысалы, операция алдында немесе ауыр инфекция жағдайында Адалира препаратты қабылдауды үзе тұру қажеттілігі туындауы мүмкін. Қолда бар деректер, адалимумабты 70 күн немесе одан ұзақ уақыт бойы енгізу қабылдауды тоқтатқаннан кейін клиникалық жауабының дәл сондай шамасына алып келгенін, және қауіпсіздік бейіні қабылдауды тоқтатқанға дейінгіге ұқсас болғанын көрсетіп отыр.

Шорбуынданатын спондилит, ШС рентгенографиялық расталуынсыз аксиальді спондилоартрит және псориздық артрит

Адалира препаратының ересек пациенттер үшін ұсынылатын дозасы 2 аптада бір рет тері астына 40 мг құрайды.

Ересектердегі түйіндақты псориаз

Ересек пациенттер үшін ұсынылатын бастапқы дозасы 80 мг құрайды, бір аптадан соң 40 мг, тері астына қолданады. Демеуші емі – екі аптада бір рет 40 мг.

Егер пациентте 16 апта емдеуден соң емге клиникалық жауап байқалмаса, онда

препаратты қолданудың жиілігін аптасына бір рет 40 мг дейін немесе екі аптада бір рет 80 мг дейін арттыруға болады. Аталған мерзім ішінде қолданудың пайдасы мен жағымсыз реакциялардың туындау қаупін бағалау керек. Егер препаратты аптасына бір рет 40 мг немесе екі аптада бір рет 80 мг дейінгі дозада қабылдағанда талапқа сай жауапқа қол жеткізілсе, онда кейіннен дозасын әр екі апта сайын 40 мг дейін төмендетуге болады.

Ересектердегі ірінді гидраденит

Ірінді гидрадениті бар ересек пациенттерде Адалира препаратты дозалаудың ұсынылатын режимі бірінші күні 160 мг бастапқы дозасын (бір тәулік ішінде 40 мг-ден төрт инъекциясын немесе екі күн қатарынан тәулігіне 40 мг екі инъекциясын енгізу) және содан соң 15 күні (екі аптадан соң) — 80 мг (бір тәулік ішінде 40 мг-ден екі инъекциясын енгізу) құрайды. Екі аптадан соң (29 күні) аптасына бір рет 40 мг немесе екі аптада бір рет 80 мг дозасын енгізуді жалғастырады. Қажет болған жағдайда, Адалира препаратымен емдеу кезінде антибиотиктерді қабылдауды жалғастыруға болады.

Пациентке Адалира препаратымен емдеу кезінде ірінді гидраденит зақымдаған жерді жергілікті антисептикалық дәрілердің көмегімен күнделікті тазалап сүртуге кеңес беру қажет.

Емдеуді уақытша тоқтата тұру қажет болған жағдайда, аптасына бір рет 40 мг немесе екі аптада бір рет 80 мг Адалира препаратын қабылауды қайта бастауға болады.

Ересектердегі Крон ауруы

Белсенділігі орташа және жоғары дәрежелі Крон ауруы бар ересек пациенттерде ремиссиясын индукциялау үшін ұсынылатын бастапқы дозасы 80 мг (1 күні) құрайды, кейіннен екі аптадан соң (15 күні) дозасы тері астына 40 мг дейін азайтылады. Егер клиникалық жауапты жылдамырақ алу қажет болса, бастапқыда 1 күні 160 мг қолданады (бір күнде 40 мг-ден төрт инъекциясы түрінде немесе екі күн қатарынан 40 мг-ден екі инъекциясы түрінде енгізіледі), содан кейін екі аптадан соң (15 күні) 80 мг дозасын тері астына, индукциясы кезінде жағымсыз реакциялар қаупінің жоғары екендігін ескере отырып (бір күнде 40 мг-ден екі инъекциясы ретінде енгізіледі) қолданады.

Индукциялық емнен кейінгі демеуші дозасы екі аптада бір рет тері астына 40 мг құрайды. Егер пациент Адалира препаратты қабылдауды тоқтатса, және аурудың белгілері мен симптомдары қайта басталса, онда препаратты қайта тағайындауға болады. Демеуші ем кезеңі ішінде кортикостероидтардың дозасын, клиникалық тәжірибеге байланысты азайтуға болады.

Клиникалық жауап азайған кезде кейбір пациенттерге Адалира препаратты енгізу жиілігін аптасына бір рет 40 мг дейін немесе екі аптада бір рет 80 мг дейін арттыру қажет болуы мүмкін.

Ересектердегі ойық жаралы колит

Белсенділігі орташа және ауыр дәрежелі ойық жаралы колиті бар ересек па-

Адалира

циенттер үшін ұсынылатын бастапқы (индукциялық) дозасы 0 аптада 160 мг (дозасын бір күнде 4 инъекциясы түрінде немесе екі күн қатарынан күніне 2 инъекциядан енгізуге болады) және екі аптадан соң (2 аптада) 80 мг құрайды. Индукциялық дозасынан кейін ұсынылатын демеуші дозасы екі аптада бір рет, тері астына 40 мг құрайды.

Демеуші ем кезінде кортикостероидтардың дозасын, клиникалық тәжірибеге байланысты азайтуға болады.

Клиникалық жауап азайған кезде кейбір пациенттерге Адалира препаратты енгізу жиілігін аптасына бір рет 40 мг дейін немесе екі аптада бір рет 80 мг дейін арттыру қажет болуы мүмкін.

Ересектердегі увеит

Увеиті бар ересек пациенттерде Адалира препаратты үшін ұсынылатын доза-лау режимі бастапқы 80 мг, содан соң, бастапқы дозасын қолданғаннан кейін келесі аптадан бастап екі аптада бір рет 40 мг дозасын қамтиды. Емдеудің тек адалимумабпен басталу тәжірибесі шектеулі. Адалира препаратымен емдеуді кортикостероидтармен және/немесе басқа биологиялық емес иммуномодуляциялайтын дәрілермен біріктіріп бастауға болады. Кортикостероидтардың дозасын, клиникалық тәжірибеге байланысты, Адалира препаратымен емдеу басталғаннан кейінгі екі аптадан бастап азайтуға болады.

Бехчет ауруы

Ересектерде Адалира препаратының бастапқы дозасы 160 мг құрайды. Ары қарай 2 аптадан соң 80 мг дейін төмендету керек. Емдеу басталғаннан кейін 4 аптадан соң 2 аптада 1 рет 40 мг демеуші емге көшу керек.

Педиатрияда

Ювенильді ревматоидтық артрит

Жасөспірімдердегі полиартикулярлық идиопатиялық артрит

2 жастан бастап және одан үлкен балалар үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты анықталады (1 кесте). Адалира әр екі апта сайын тері астына енгізіледі.

1 кесте. Адалира препаратының полиартикулярлық ювенильді идиопатиялық артриті бар пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Ұсынылатын дозасы
10 кг-ден <30 кг дейін	20 мг екі аптада бір рет
≥ 30 кг	40 мг екі аптада бір рет

Адалимумабтың осы көрсетілім бойынша 2 жасқа дейінгі балаларда қолданылуы зерттелмеген.

Энтезитпен астасқан артрит

6 жастан бастап және одан үлкен, энтезитпен астасқан артриті бар пациенттер

үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты анықталады (2 кесте). Адалира әр екі апта сайын тері астына енгізіледі.

2 кесте. Адалира препаратының энтезитпен астасқан артриті бар пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Ұсынылатын дозасы
15-тен < 30 кг дейін	20 мг екі аптада бір рет
≥ 30 кг	40 мг екі аптада бір рет

6 жасқа дейінгі, энтезитпен астасқан артриті бар балаларда адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген.

Балалардағы түйіндақты псориаз

Түйіндақты псориазы бар, 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты анықталады (3 кесте). Адалира препараты тері астына енгізіледі.

3 кесте. Адалира препаратының түйіндақты псориазы бар, балалар жасындағы пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Ұсынылатын дозасы
15-тен <30 кг дейін	Бастапқы дозасы 20 мг, содан соң бастапқы дозасынан кейін бір аптадан соң бастап, екі аптада бір рет 20 мг
≥ 30 кг	Бастапқы дозасы 40 мг, содан соң бастапқы дозасынан кейін бір аптадан соң бастап, екі аптада бір рет 40 мг

Егер 16 апта ішінде емдік әсері байқалмаса, емдеуді тоқтату туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Егер пациентке Адалира препаратымен емдеу қайталап тағайындалса, дозасы мен емдеу ұзақтығын таңдау жөніндегі жоғарыда келтірілген нұсқауларды сақтау қажет. 4 жасқа дейінгі балаларға адалимумабтың осы көрсетілім бойынша қолданылуы зерттелмеген.

Жасөспірімдердегі (12 жасқа дейінгі, дене салмағы — 30 кг кем емес) іріңді гидраденит

Іріңді гидрадениті бар жасөспірімдерде адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген. Ондай пациенттер үшін адалимумабты қолдану тәсілі фармакокинетикалық модельдеу мен симуляциялаудың негізінде анықталды.

Адалира препаратының ұсынылатын дозасы нөлінші аптада 80 мг, содан соң бірінші аптадан бастап, теріастылық инъекция жолымен екі аптада бір рет 40 мг құрайды.

Адалира

Жасөспірімдік кезеңдегі, екі аптада бір рет 40 мг дозасын қолданғанда жауабы талапқа сай болмаған пациенттерде Адалира препаратының дозасын аптасына бір рет 40 мг дейін немесе екі аптада бір рет 80 мг дейін арттыру ұсынылады. Қажет болған жағдайда, Адалира препаратымен емделу кезінде антибиотиктерді қабылдауды жалғастыра беруге болады. Пациентке Адалира препаратымен емделу кезінде ірінді гидраденитті жергілікті антисептикалық дәрілердің көмегімен күнделікті тазалап отыруға кеңес беру қажет.

Адалира препаратымен емдеу үзіліп қалған жағдайда, емдеуді жоғарыда көрсетілген кесте бойынша қайта бастауға болады.

Адалира препаратының бұл көрсетілімін 12 жасқа толмаған балаларда қолдану қарастырылмаған.

Балалардағы Крон ауруы

6 жастан 17 жасқа дейінгі, Крон ауруы бар пациенттер үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты анықталады (4 кесте). Адалира препараты тері астына енгізеді.

4 кесте. Адалира препаратының балалар жасындағы, Крон ауруы бар пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Бастапқы дозасы	4 аптадан бастап демеуші дозасы
<40кг	0 аптада 40 мг және 2 аптада 20 мг Егер клиникалық жауапты жылдамырақ алу қажет болса, онда келесі дозасын пайдалануға болады, бірақ бұл жағдайда, жоғарырақ бастапқы дозасын қолданғанда жағымсыз реакциялар қаупінің жоғарырақ болуы мүмкіндігін ескеру керек: 0 аптада 80 мг және 2 аптада 40 мг	Екі аптада бір рет 20 мг
≥ 40 кг	0 аптада 80 мг және 2 аптада 40 мг Егер клиникалық жауапты жылдамырақ алу қажет болса, онда келесі дозасын пайдалануға болады, бірақ бұл жағдайда, жоғарырақ бастапқы дозасын қолданғанда жағымсыз реакциялар қаупінің жоғарырақ болуы мүмкіндігін ескеру керек: 0 аптада 160 мг және 2 аптада 80 мг	Екі аптада бір рет 40 мг

Адалира препаратымен емге жауаптың азайғаны байқалған пациенттерге Адалира препаратты енгізуді арттырудың қосымша әсері болуы мүмкін:

- дене салмағы 40 кг аз пациенттер: 20 мг аптасына бір рет;

Адалира

- дене салмағы 40 кг және одан көп пациенттер: аптасына бір рет 40 мг немесе екі аптада бір рет 80 мг.

6 жасқа толмаған, Крон ауруы бар балаларда адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген.

Балалардағы ойық жаралы колит

6 жастан 17 жасқа дейінгі, ойық жаралы колиті бар пациенттер үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты анықталады (5 кесте). Адалира тері астына енгізіледі.

5 кесте. Адалира препаратының балалар жасындағы, ойық жаралы колиті бар пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Бастапқы дозасы	4 аптадан бастап демеуші дозасы *
<40кг	0 аптада 80 мг (бір күнде 40 мг-ден екі инъекциясы) және 2 аптада 40 мг (40 мг бір инъекциясы)	Екі аптада бір рет 40 мг
≥ 40 кг	0 аптада 160 мг (бір күнде 40 мг-ден төрт инъекциясы немесе екі күн қатарынан күніне 40 мг-ден екі инъекциясы) және 2 аптада 80 мг (бір күнде 40 мг-ден екі инъекциясы)	Екі аптада бір рет 80 мг

* балалар жасындағы, Адалира препаратты қабылдау кезінде 18 жасқа толатын пациенттер, препараттың тағайындалған демеуші дозасын қабылдауды жалғастыруы тиіс.

6 жасқа толмаған, ойық жаралы колиті бар балаларда адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген.

Балалардағы увеит

Созылмалы инфекциялық емес увеиті бар, 2 жастан асқан пациенттер үшін Адалира препаратының ұсынылатын дозасы төменде келтірілгендей, дене салмағына негізделген (6 кесте). Адалира тері астына енгізіледі. Адалимумабтың балаларда увеитті емдеу үшін метотрексатсыз қолданылу тәжірибесі жоқ.

6 кесте. Адалира препаратының балалар жасындағы, инфекциялық емес увеиті бар пациенттерге арналған дозасын анықтау

Дене салмағы	Ұсынылатын дозасы
<30 кг	Метотрексатпен біріктіріп екі аптада бір рет 20 мг. Демеуші ем басталғанға дейін 1 апта бұрын бастапқы 40 мг дозасын қолдануға болады. Бастапқы 40 мг дозасының 6 жасқа толмаған балаларда қолданылуы жөнінде деректер жоқ.

Адалира

≥ 30 кг	Метотрексатпен біріктіріп екі аптада бір рет 40 мг. Демеуші ем басталғанға дейін 1 апта бұрын бастапқы 80 мг дозасын қолдануға болады.
---------	--

Адалимумабтың 2 жасқа толмаған балаларда қолданылуы жөнінде деректер жоқ.

Емдеуді бастар алдында ұзақ емдеудің пайдасы мен ықтимал қауіптерін бағалау ұсынылады.

Егде жастағы пациенттер

Пациенттердің бұл тобы үшін дозасын түзету қажет емес.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Пациенттердің бұл тобында адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген. Пациенттердің бұл тобы үшін дозасын түзету қажеттілігі жөнінде ақпарат жоқ.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Пациенттердің бұл тобында адалимумабтың қолданылуы зерттелмеген. Пациенттердің бұл тобы үшін дозасын түзету қажеттілігі жөнінде ақпарат жоқ.

Енгізу әдісі және жолы


Адалира препаратымен емдеу дәрігердің бақылауымен жүргізілуі тиіс.

Егер дәрігер оған мүмкіндік бар деп есептесе, теріастылық инъекциялар техникасын тиісінше үйренгеннен кейін пациенттер препаратты өздеріне өз бетінше енгізе алады

Адалира препаратын тері астына, сан немесе іш аймағына енгізеді. Енгізер алдында ерітіндінің ішінде бөгде бөлшектердің бар-жоқтығын және түсінің өзгерген-өзгермегендігін тексеріп қарап шығу керек. Адалира препаратын кез келген басқа дәрілік препараттармен бір шприцте араластырмау керек. Қалған ерітінді мен пайдаланылған материалдарды утилизациялау керек.

Адалира препаратының инъекциясын дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1. Дайындау




- Қолыңызды мұқият жуыңыз.
- Адалира препаратымен құйылған бір шприцті және спирт сіндірілген бір сүрткіні қаптамасынан алып шығыңыз және таза беткейге қойыңыз.
- Адалира препаратының қаптамасында көрсетілген сақталу мерзімі өтіп кетпегендігіне көз жеткізіңіз.
- Адалира препараты ашық-қоңыр түсті, бозанданған ерітінді болып табылады. Егер сұйықтық бұлыңғыр болса, ішінде үлпектер немесе бөлшектер болса, немесе ерітіндінің түсі өзгерген болса, препаратты пайдаланбаңыз.



2. Инъекцияға арналған орынды таңдау және дайындау

- Санның алдыңғы бетінен немесе іштен инъекцияға арналған орынды таңдаңыз.
- Инъекция орындары мен екі жағын ауыстырып отыру қажет.
- Әрбір келесі енгізу орны алдыңғысынан кемінде 3 см алшақ болуы тиіс.
- Препаратты терідегі ауырып, қызарып, тығызданып немесе қанталап тұрған орынға енгізуге болмайды. Бұл белгілер инфекция барын білдіруі мүмкін.
- Инъекция үшін таңдалған орынды спиртті сүрткімен, айналдыра қозғап тазалап сүрту қажет.

3. Адалира препаратын енгізу



Адалира

- Шприцті сілкімеңіз.
- Инені қалпақшасын, инеге қол тигізбей және басқа беткейлерге тигізбей ашыңыз.
- Бір қолыңызбен теріні жиырып ұстаңыз.
- Екінші қолыңызғы шприцті алып, оны тері беткейіне 45° бұрышта, градуировкаланған беткейін жоғары қаратып ұстаңыз.
- Бір жылдам қимылмен инені жиырылған теріге түгелдей кіргізіңіз.
- Инені енгізгеннен кейін, жиырылған теріні босатыңыз
- Ерітіндіні 2-5 секунд ішінде түгелімен енгізіңіз.
- Ерітіндіні енгізгеннен кейін (шприц босаған кезде) инені теріден дәл сол бұрыштан шығарып алыңыз.
- Дәке түйірімен инъекция аймағын 10 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз, бірақ ешбір жағдайда, бетін ысқыламаңыз. Инъекция орнынан аздаған мөлшерде қан бөлінуі мүмкін. Қаласаңыз, бұласырды пайдалануға болады.
- Инъекциядан кейін шприцті қайта пайдалануға болмайды.

Емдеу ұзақтығы

Ревматоидтық артрит, шорбуынданатын спондилит, ШС рентгенографиялық расталуынсыз аксиальді спондилоартрит және псориаздық артрит

Клиникалық жауапқа әдетте, адалимумабпен 12 апта емдеу ішінде қол жеткізілетіндігі туралы деректер бар. Егер пациентте ұзақ уақыт мерзімі ішінде емге клиникалық жауап байқалмаса, онда емді жалғастыру мәселесін қарастыру керек.

Ересектердегі түйіндақты псориаз

Егер пациентте 16 апта емдеуден соң емге клиникалық жауап байқалмаса, онда емді жалғастыру туралы мәселені қарастыру керек.

Ересектердегі іріңді гидраденит

Аталған уақыт мерзімі ішінде жақсаруларына қол жеткізе алмаған пациенттерде емнің 12 аптадан артық мерзімге жалғастырылуын қайтадан мұқият қарау керек.

Ұзақ емдеуді жалғастырудың пайдасы мен қаупін мезгіл-мезгіл бағалап отыру керек.

Ересектердегі Крон ауруы

4 апта емдеуден соң клиникалық жауапқа қол жеткізе алмаған кейбір пациенттерге, демеуші емді 12 аптаға дейін жалғастыру керек. Аталған мерзім ішінде клиникалық жауап байқалмаған пациенттерде емдеуді жалғастыру қажеттілігін қайтадан мұқият қарастыру керек.

Ересектердегі ойық жаралы колит

Клиникалық жауапқа 2–8 апта ішінде қол жеткізуге болады. Адалира препаратымен емдеуді тек, емдеудің алғашқы 8 аптасы ішінде клиникалық жауапқа қол жеткізген пациенттерде ғана жалғастыруға болады.

Ересектердегі увеит

Ұзақ емдеуді жалғастырудың пайдасы мен қаупін жыл сайын бағалап отыру ұсынылады.

Жасөспірімдердегі полиартикулярлық идиопатиялық артрит

Клиникалық жауапқа әдетте, 12 апта емдеу арқылы қол жеткізіледі. Егер аталған мерзім ішінде емдік әсері байқалмаса, емдеуді тоқтату туралы шешім қабылдауға болады.

Жасөспірімдердегі ірінді гидраденит

12 апта ішінде емге жауап болмаған жағдайда, Адалира препаратымен емдеуді жалғастыру қажеттілігін мұқият бағалау керек. Адалира препаратты ұзақ уақыт бойы қабылдау кезінде пайдасы мен қаупін мезгіл-мезгіл бағалап отыру керек.

Балалардағы Крон ауруы

Клиникалық жауапқа әдетте, 12 апта емдеу ішінде қол жеткізіледі. Егер осы мерзім ішінде пациентке ем әсер етпесе, емдеуді тоқтату туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Балалардағы ойық жаралы колит

8 апта бойы емге жауап болмаған жағдайда, Адалира препаратымен емдеуді жалғастыру қажеттілігін мұқият бағалау керек.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

